

**Ақтөбе облысында
тәрбие жұмыстарының
2013-2020 жылдарға арналған
БАҒЫТ - БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мазмұны

Мазмұны

БАҒЫТ - БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯ МЕН ТӨЛҚҰЖАТЫ

Атауы

Бастамашылары

Бағдарлама жобасын құрастырушылар

Заңнамалық база

Болжамдық нәтижесі

КІРІСПЕ

1. Қазақстанда оқитын жастар мен балаларды тәрбиелеудің мәселелері және негізгі тенденциялары
2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
3. Тәрбие беруді ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары
4. Жаңа заманауи білім беруде тәрбие үрдісінің негізгі бағыттары
5. Өртүрлі типтегі білім беру мекемелерінде тәрбие берудің негізгі бағыттарын жүзеге асыру
 - 5.1. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің дамуы
 - 5.2. Жалпы білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің дамуы
 - 5.3. Қосымша білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің дамуы
 - 5.4. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің дамуы
6. Бағдарламаның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету
 - 6.1. Нормативтік - құқықтық базаның дамыту
 - 6.2. Ғылыми қамтамасыз ету
 - 6.3. Бағдарламалық - әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету
 - 6.4. Басқарушы және педагогикалық кадрлармен жұмыс
 - 6.5. Ведомстволар және қоғамдық ұйымдармен қарым - қатынас
7. Тәрбие сапасының баға критерийі
8. Бағдарламаны жүзеге асырудағы күтілетін нәтижелер

**Атауы: Ақтөбе облысында жастар мен балаларға тәрбие берудің
2013-2020 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасы**

Бастамашылары: Ақтөбе облысының білім басқармасы

Бағдарлама жобасын құрастырушылар:

- Ақтөбе облысының білім басқармасы
- Ақтөбе облыстық оқу-әдістемелік орталығы

Заңнамалық база:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы»;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Білім алушы жастарды тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы;

- Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие беру концепциясы;
- Заңдар: «Қазақстан Республикасындағы бала құқығын қорғау», «Балалар құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, «Діни ұйымдар мен наным-сенімдердің бостандығы туралы», «Неке және отбасы туралы», «Кәмелетке толмаған жастар арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қараусыз, бақылаусыздығын алдын – алу туралы», «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», «СПИД ауруының алдын-алу туралы», «Шылым шегуге шек қою туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауындағы «Халық денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы.

Болжамдық нәтижесі:

- Ақтөбе облысының саяси дамуы мен әлеуметтік - экономикалық жағдайында рухани - адамгершілік, интеллектуалдық ақиқатқа негізделген іс - әрекет пен адами капиталдың қалыптасуына бағытталған ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық кешенді тәрбиелік іс-шаралармен қамтамасыз ету;
- Жеке тұлғаның дамуын жүзеге асыруға, өскелең ұрпақтың шығармашылық еңбегін, денсаулығын нығайтудағы бағытталған тәрбие жұмысы жүйесін құрастыру және енгізу;
- Инновациялық білім беру жүйесінде вариативті білім беру мен оқытуды, тәрбиелеу және өзін - өзі тәрбиелеуді, даму және өзін-өзі дамыту, есею және әлеуметтендіру, қазіргі заманғы жастардың таным және шығармашылық қызметке бағдарланған мотивациясын кеңейту;
- Ақтөбе облысында үздіксіз тәрбие беруді қамтамасыз ету мақсатында тәрбие беру азаматтық қоғамдастық өкілдері мен сыртқы ұйымдар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынас желісін құру;
- Дамушы жеке тұлғаны әлеуметтендіруге және тәрбиелеуге бағытталған халықаралық бағдарламаларға, жобаларға қатысу.

КІРІСПЕ

Тәрбие - жеке тұлғаны дамытуға мақсатты бағытталған және педагогикалық тұрғыда ұйымдастырылған үдеріс, сонымен қатар қабылданған құндылықтарды игеруге, қоғамның адамгершілік және моральдық нормаларын белгілеу болып табылады.

Жастар мен балалардың рухани - адамгершілік тұрғысынан қалыптастыру, оларды өз бетінше өмір сүруге дайындау қоғам мен мемлекет дамуының алғы шарттары болып табылады. Мемлекет саясатында тәрбие беру бағытын ҚР 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудағы Мемлекеттік бағдарламасы, ҚР «Білім туралы» Заңы, 2006-2011 жылдарға арналған ҚР білім беру мен тәрбиелеудегі кешенді бағдарламасы, үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Концепциясы білім берудегі адамгершілік қағидалары айқындайды.

Білім беру мекемелеріндегі отбасы мен педагогикалық ұжым арасындағы қарым-қатынастар тәрбие берудегі нақты мақсаттар мен міндеттерді анықтап, өз бағытын бағдарлауды қамтамасыз ету мақсатында тәрбие беру кеңістігінде жеке тұлғаны модельдеу, өз мүмкіншілігін жүзеге асыруға жағдай жасау саясатының негізін құрайды.

Бағдарлама білім беру мекемелерінің қоғамдық беделін көтеруге, қазіргі заманғы тәжірибе және отандық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңартуға, тәрбие және оқу үдерісіндегі үйлесімділікті қолдануға, мемлекеттік баланс, қоғамдық және отбасылық тәрбиеге, әртүрлі типтегі білім беру мекемелеріндегі тәрбиеге және олардың артықшылығына бағытталған. Жаңа қоғамдағы әлеуметтік жаңару кезеңінде өзектілік мәселесі тәрбиенің құнды дүниетанымдық негіздерінің қалыптасуына, білім жүйесіндегі жаңаша тәрбие беру мүмкіндіктеріне, қоғамдық келісім негізінде қазақстан ұрпақтарының арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге негізделеді.

Бағдарлама білім беру жүйесіндегі тәрбие беруді ұйымдастыруды жетілдірудің міндеті мен мақсатын, бағыттарын және білім беру мекемелеріндегі тәрбие беру тәжірибелерін дамытумен байланысты бірінші кезектегі шараларды анықтайды.

Бағдарлама ведомстволық статуска ие, ең алдымен білім беру басқармасына, әртүрлі типтегі білім беру мекемелеріне арналған. Берілген бағдарлама өңірлік және жергілікті бағдарламаларды құруға негіз болып табылады.

1. Қазақстанда оқитын жастар мен балаларды тәрбиелеудің негізгі мәселелері және тенденциялары

Бағдарламаның негізгі ережелерін жүзеге асыру Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі тәрбиенің инновациялық даму механизмін құруға мүмкіндік береді және адамгершілікті, азаматтылықты, патриоттылықты, әлеуметтік белсенділікті, шығармашылық шеберлікті, қазақстандық өскелең ұрпақтарының бойында салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға бағыттайды.

Қабылданатын Бағдарлама мына негіздейді :

- білім беру жүйесіндегі тәрбиенің дамуын басқаруды жетілдіру;
- тәрбие беруді дамытуда қажетті ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық, кадрлық, ақпараттық қамтамасыз ету;
- білім беру мекемелерінде тәрбие қызметінің сапасы мен тиімділігін көтеру.

Соңғы жылдары білім беру мекемелерінде жастардың әлеуметтік белсенділігі мен төзімділігін қалыптастыруға, олардың әлеуметтік-жоба қызметтеріне қатысуға қызығушылығын белсендіруге, өзін-өзі басқара білуін жетілдіруге бағытталған тәрбиенің мақсаттық және вариативтік бағдарламасы, балалардың қоғамдық қозғалысындағы волонтерлік тәжірибелер жинақталған.

Сонымен қатар балалар және жастардың ортасында жағымсыз әрекеттер қатары пайда бола бастады, олардың ішінде құнды бағыт- бағдардан жаңылу, рухани-адамгершілік мақсаттарының тапшылығы, суицид, діни экстремизм, алдыңғы ұрпақ жетістіктерінің құнсыздануы, жастардың өндірісте еңбек етуден айырылуы сияқты мәселелер жаппай көрініс тапты. Жоғарыда көтерілген мәселелер аясында білім беру жүйесінде тәрбиенің мынадай өзекті мәселелері анықталды:

- педагогикалық санада тәрбие құндылықтарының әлсіреуі, «білім беру қызметін» білім беру қатынастары аясында таратуда тәрбие және білім беруді әлеуметтендіру қызметінің төмендеуі;

- тәрбие мақсаттарының нақты қойылмауы; тәрбиенің мазмұнының құндылықтарын жүзеге асыруда ұйымдастыру қызметіндегі әрекеттердің мөлшерден тыс шоғырлануы, тәрбие беруді сапалы талдауда сандық фиксацияға және тәрбие берудегі нәтижелерді артық бағалауға ұмтылыс жасау;

- тәрбие беру қызметінің нашарлауы, тәрбиелеу әдістемесінің бұрмалануы, жоспарсыз және талдаусыз ұжымдық шығармашылық жұмыстар, жастар мен балалардың бастамасынсыз, қатысуынсыз жасалған әлеуметтік жобалар, жобаны жүзеге асыруда оқушылардың өзін-өзі басқаруы мен жауапкершілігінің болмауы;

- тәрбиеге іс-шара ыңғайына қарай басым жағдай жасау, ересектер мен балаларға арналған іс- шаралардың басымдылығы, ересектер мен балаларды біріктіріп өткізу жұмыстары, қазіргі заманғы мәдени тенденцияның күшеюі, балалар мен жастардың ересектер әлемінен алшақтау әсері;

- дүниетанымды таңдау мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс технологиясының, адамгершіліктің, саяси идеалдың, оқушылардың әлеуметтік-мәдени ұқсастықтарын қалыптастырудың, жасөспірімдер мен жастардың азаматтық іс-әрекетінің әлеуетін қалыптастырудың тапшылығы;

- тәрбие кеңістігінде тәрбие беретін әртүрлі субъектілер әрекеттерінің келіспеушілігі (білім беру институттарында, отбасы, балалар мен жастар бірлестігі, БАҚ, билік органдары және қоғамдық ұйымдар);

- тәрбие үрдісін басқарудағы артық төрешілдік, білім беру қызметінде ынталандыратын еліктеушілік; шектен тыс әкімшілік құру, өктемшілдіктің ұйымның өз мүмкіндігін дамытуға тигізер зияны;

- білім беру мекемелеріндегі балалар мен ересектер қоғамының жетілмеуі;

- білім беру мекемелеріндегі тәрбие беру үрдісінің инфрақұрылым дамуының төмен деңгейі, ресурстық қамтамасыз ету тапшылығы.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешудің қажеттілігі қоғамның дені сау күштерін шоғырландыруды, тәрбие беру қызметінің мазмұны мен түрін жаңартуды, адамгершілік тұрғысында тәрбиелеу және тәрбиенің ашық- жариялылыққа көшуін айқындайды.

Мемлекет балаларға тәрбие беруге және азаматтардың құқығын жүзеге асыру жағдайларына жауапты, ал бұл мемлекеттік саясаттың өскелең ұрпақты тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарын жоспарлауды және жүзеге асыруды қажет етеді.

Тәрбие беру жүйесіндегі мемлекеттік саясат тәрбиенің міндеті мен мақсатын, оларды шешу стратегиясын, заңнаманың құрылуын, мемлекеттік бағдарламаларды, ресурстардың бөлінуін, тәрбие жобаларын маңызды әлеуметтік қолдауды, бақылау механизмін анықтауларды енгізу керек.

Жиынтығында осылардың бәрі өскелең ұрпақты қоғамдық сұраныстар мен қажеттіліктерге сай тәрбиелеу жүйесін құруға қажетті жағдай жасауға ықпал етеді.

Азаматтық, патриоттық тәрбие беру мемлекет саясатының білім берудегі маңызды бағыттарының бірі. Қазіргі жағдайда азаматтық тәрбиенің негізгі принциптерінің басымдылығын анықтауда жаңа жоспарлар мен тиімді тәсілдерді жүзеге асыру қажеттілігі айқындалды. Түрлі білім беру мекемелерінде үздіксіз дамудағы тәрбие жұмыстарының әдістерін жасау, стратегия мен тактиканың үйлесімділігі басты назарда тұрады.

Түрлі білім беру мекемелерінің мақсат, міндеттерін есепке ала отырып, тәрбие жұмыстарының қазіргі динамикалық даму әдістерін жасауда стратегия мен тактиканың сәйкестік мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - әртүрлі типті білім беру мекемелеріндегі тәрбие жүйесін қажетті ғылыми- әдістемелік, ұйымдастырушылық, кадрлық, ақпараттық және басқа да жағдайлармен қамтамасыз ету; олардың қызметтерін реттеу, жеке тұлға құзыреттілігінің әлеуметтік және мәдени дамуына, қоғамда өзін-өзі таныта білуіне жәрдемдесу, адами - азаматтылықты, отбасылы ата-ананы, кәсіби-маманды қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- қазақстандық қоғамда білім беру жүйесіндегі тәрбиенің әлеуметтік беделінің жоғарылауы;
- білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің қызметін нығайту және дамыту, тәрбие субъектісі құрамын кеңейту, олардың координациясын күшейту, отбасы және білім беру мекемелерінің өзара іс-әрекетін нығайту;
- тәрбие үрдісін басқаруда демократиялық стильдің дамуы;
- этноаралық және ұлтаралық қатынастар мәдениетін көтеру;
- әлеуметтік - мәдениеттік және ұлттық ерекшеліктерді есепке ала отырып, аймақтық және басқа да тәрбие жүйелерін қалыптастыру;
- тәрбие беру үрдісінде отандық дәстүрлер мен қазіргі заманғы тәжірибелерді пайдалану;
- тәрбие беру үрдісіндегі педагогикалық тәжірибеге қазіргі заманғы жетістіктерді белсенді енгізу;
- адамгершілік қағидаларының дамуы, азаматтық, адамгершілік тәрбиенің мазмұны мен механизмі;
- білім басқармасы мекемелерінде және білім үрдісін ұйымдастыруда ата-аналардың құқықтарының «Білім туралы» Заңға сәйкес жүзеге асырылуына ықпал ету;
- бала тәрбиесіндегі мәселелерді шешуде ата –аналарға қолдау көрсету, ата-аналардың психологиялық- педагогикалық танымын дамыту;
- балалардың құқығы туралы ООН Конвенциясына сәйкес балалар құқығына дәлелді қарым-қатынас қалыптастыру;
- балаларды тәрбиелеуде отбасы рөлін күшейту;
- балалардың психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік оңалту жүйесін құру;
- балалар мен жастар тәрбиесінің өзекті мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен жүргізілетін жұмыс деңгейін көтеру;

3. Тәрбие беруді ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары

Қазіргі заманғы тәрбие теориясы педагогикалық тәжірибеде тәрбие теориясын шешу үшін әртүрлі әдістер ұсынады: аксиологиялық, қызметтік, жүйелік, синергетикалық, құзыреттілік, мәдениеттілік, орталық және т.б. Барлық әдістер бірін-бірі толықтырып және қазіргі заманғы тәрбиенің көп сипатты түрін көрсетеді.

Келесідей ұстанымдарды сақтағанда жағдайда жоғарыда аталған тиімді мүмкіндіктерді толығымен жүзеге асыруға болады.

Тәрбие беруде баланың жас ерекшелігін, гендерлік және жеке ерекшеліктерін есепке алу ұстанымы тәрбиенің жалпы адамгершілік даму заңдылығы мен жыныс ерекшелігіне, жасына, баланың басқа да жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы керектігін болжайды.

Тәрбие беруде әлеуметтік серіктестік принципі тәрбие субъектілерімен теңқұқылы серіктес болуды, өзара келісімге келуді және жеке тұлға мен қоғамның дамуына қызығушылықты белсендіруді, консессус жетістігін бағдарлайды.

Тәрбие беруде мәдени ойлау принципі тәрбие үрдісін құрудағы міндеттерді шешуде еліміздің көп мәдениеттілігі мен түрлі салт-дәстүрлеріне сәйкес мәдени әлеуеттің басты байлықтарын қолдануды болжайды.

Тәрбие беруде ұжымдық тәрбие принципі бойынша тәрбие үрдісі әртүрлі типтегі балалар мен ересектер қоғамында жүзеге асырыла отырып, адамдарға әлеуметтік өмірдің тәжірибесін және өзін-өзі танып білуге, өз тағдырын өзі шешуге, өзін-өзі жүзеге асыруға оңтайлы бағытталған жағдай жасайды.

Тәрбие берудегі сабақтастық принципі тәрбие процесінің үздіксіз болуын (білім деңгейінің жүйесінде және өскелең ұрпақ деңгейінде), жеке тұлғаның мәдени-тарихи құндылықтарын және салт-дәстүрлерін тәрбие жүзінде иемдену қажеттілігін көрсетеді.

Тәрбиені мемлекеттік-қоғамдық басқарудағы принципі өскелең ұрпақтың тәрбие мәселесін шешуде қоғамдық институттар және мемлекеттік билік органдарының өкілеттілігі мен консолидациясының күш салуын бөліп қарауды болжайды.

4. Жаңа заманауи білім беру үрдісіндегі тәрбиенің негізгі бағыттары

- патриоттық тәрбие беру
- отбасы тәрбиесі
- рухани – адамгершілік және эстетикалық тәрбие
- саяси және құқықтық мәдениет тәрбиесі
- көпмәдени тәрбие беру
- қоршаған ортаны және өзін оң қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу
- экологиялық және еңбек тәрбиесі
- зияткерлік тәрбие беру
- салауатты өмір сүру салты тәрбиесі
- діни тәрбие беру

5. Әртүрлі типті білім беру мекемелеріндегі тәрбие беруді жүзеге асырудың негізгі бағыттары

5.1. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің дамуы

Мектепке дейінгі жас - жеке тұлғаның өсуіндегі маңызды кезең, бұл кезде баланың бойында азаматтық қасиеттер қаланады, баланың өз еркімен таңдау қабілеті және жауапкершілігі, басқа адамдарды түсінуі, сыйластығы, нәсілі және ұлт жағдайы, жынысы, тілі, дінге деген көзқарасы, адамгершілік негізі, ұлттық құндылықтары қалыптасады. Мектепке дейінгі білімді тағайындау белгіленген білім ақысын қалыптастыруға ғана байланысты емес, сонымен қатар жеке тұлғаның негізгі қабілетінің дамуын, әлеуметтік және мәдени біліктілігін, экологиялық мінез-құлық негіздерін, салауатты өмір сүру салтын дамытады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбие беру негіздерін жүзеге асыру үшін төмендегідей маңызды міндеттерді шешу талап етеді:

- мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің желісін сақтау, оның жаңа түрлерін қалыптастыру;
- бала тәрбиесінде кәсіби бағдарды жүзеге асыра алатын, әлеуметтік-нормативтік және қазіргі заманғы бағдарлама мен технологияларды игерген, тәрбиенің мазмұнына жаңадан келген тәрбиешілердің білімін жетілдіру;
- жаңа мақсаттарды орындауға бағытталған мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қазіргі заманғы технологиялар және әдістемелік әдебиеттермен жабдықталуы, балалардың даму кезеңінің әрі қарай әлеуметтік дайындығына байланысты;
- жаңа ғылыми зерттеулер негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымы жаңашыл бағдарламалармен және әлеуметтік мәдени технологиялармен қамтамасыз етіледі, баланың бойында тұрақтылықты, коммуникативтік біліктілікті, мінез-құлық құрылымын, мектепке дейінгі тәрбие мақсатына сәйкес келуін қалыптастырады.

Көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін мынадай бағыттардағы әрекеттер шешілуі қажет:

- балалардың түсініп - қабылдауындағы қоғам және мәдениет, экологиялық білім беру мен тәрбиелеу, балаларды өз елінің мәдени шараларына қатыстыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша өзекті бағдарламаларды құру және ендіру;
- мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі тәрбие беру жүйесінің мазмұнын, нысанын және әдісін сақтап, үздіксіз дамуды қажет етеді. Тәрбие үдерісін сабақтастықты қамтамасыз ететін мектепке дейінгі және жалпы бастауыш білім берудегі біріккен бағдарламалар мен үздіксіз білім беру жүйесіндегі технологияларды ұйымдастыру және оларды енгізу;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, мәдени, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да әлеуметтік институттарға қатысушылардың нысанын кеңейту;
- мектепке дейінгі балалардың отбасына арналған түзетім- педагогикалық, әдістемелік, кеңес беру- диагностикалық кешенді бағдарламаны құру және жүзеге асыру;
- мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған балалардың отбасына жәрдем беру жүйесін жасап шығару;
- мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиенің ақпараттық дамуын қамтамасыз ету.

5.2. Жалпы білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің дамуы

Жалпы білім беру мекемесі барлық білім беру жүйесіндегі балалардың тәрбиесі мен білімінің, әлеуметтік- мәдени дамуының ортақ буыны болып табылады.

Жалпы білім беру мекемелеріндегі тәрбие процесінің жаңаруы, тәрбиенің отандық дәстүр мәртебесі негізінде, ұлттық-аймақтық ерекшеліктерімен, жаңа заманның жетістіктерімен, түрлі тәрбие жүйесінің қалыптасуын енгізумен, тәрбие стратегиясын түрлі ынталандырулармен, мектеп пен мектептен тыс қызмет нәтижелерін арттыру әдістерімен, мемлекеттік, отбасылық және қоғамдық тәрбие балансын орнықтыру және қолдау негізінде жүзеге асырылуы керек.

Жалпы білім беру мекемелерінде тәрбиені дамыту келесі міндеттерді шешуді ұсынады:

- жергілікті аймақтардағы түрлі білім беру ұйымдарының нақты мүмкіндігіне қарай тәрбиеленушілердің жасын, жеке психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, тәрбиенің мазмұнын, оның түрлері мен тәсілдерін айқындау;
- тұтас оқу- тәрбие жүйесін қамтыған тәрбие жүйесінің қалыптасуын (ең маңызды бірліктер – тәрбие мен оқытудың ықпалдасуы), тәрбие тиімділігін, оқытудағы тәрбие әлеуетін арттыру;
- оқу тәртібінің гуманитарлық және практикалық бағыттарын күшейту, оған мазмұнды материалдарды енгізу, қатысушыларға өздері өмір сүріп тұрған қоғамның мәдени құндылықтарын игеруге көмектесу, өзін – өзі анықтау әдістері;
- түрлі шығармашылық және қоғамдық бірлестіктердің қызметтеріндегі білім мекемелерін басқарудың шынайы мүмкіндіктерін анықтай отырып, тәрбиеленушілерді заңға бағынушылық, жеке қадір - қасиеті мен еркіндік және демократиялық рухта тәрбиелеу;
- дене тәрбиесі мен спорт құралдары арқылы бала денсаулығын нығайту;
- оқушылармен жүргізілетін жеке сабақтардың, мектеп пен класс ұжымын қалыптастырудағы психологиялық - педагогикалық қызметтің рөлін арттыру, балалардың әлеуметтік өмірге және мектепке бейімделе алмауының алдын - алуды қамтамасыз ету;
- тәрбиелеу үрдісіне отбасының қатысуына жағдай жасау, ата- аналардың қоғамдық бірлестіктерін дамыту, жалпы білім беретін мекемелерді басқаруға ата –аналарды тарту, мектепте қамқоршылық кеңесін құру;
- әр аймақта психологиялық - педагогикалық және медициналық-әлеуметтік көмекке зәру балалар мен әумесерлік мінезді жеткіншектерге ерекше білім беретін арнайы оқу - тәрбие мекемелерінің сараланған жүйесін құру;

Жоғарыда қойылған міндеттердің шешімін табуға мына бағыттағы істер мүмкіншілік береді:

- әлеуметтік мәдени өмірдің және өзін-өзі анықтаудың негізгі аспектілері мен тәрбие негізін қалайтын тәрбие жүйесінің жалпы адамдық, ұлттық- мәдени және этноерекшелікті құндылықтарының үйлесімділігі;

- танымал тұлғалардың өмірі мен қызметін, ел өмірінің азаматтық тарихын, рәміздер арқылы, мемлекеттік және құқықтық жүйені зерттеу арқылы қазақстан патриоты мен азаматын тәрбиелеу;
- жеке тұлғаның әлеуметтік және мәдени біліктілігін арттыруда, білім мен дағдыны дамытуда оқу-әдістемелік материалдардың әр түрлілігі, оқу және мектептен тыс жұмыстардың нысаны мен тәсілі, оның ашықтығы, мазмұнның әлеуметтік маңызды және жеке қолайлы құрамдас бөлігі, білім беру қызметіндегі түрлері мен әдістері жетістіктерінің үйлесімділігі;
- кіші жастағы баланың психологиялық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін жан - жақты зерттеуге, балалардың құнды бағдарларын, олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын ұйымдастыруға қажетті мақсатты тәсілдерді құру;
- тәрбие жүйесінде вариативтілікті қамтамасыз ету;
- жалпы білім беру мазмұнына аймақтық және этномәдени бөліктерінің жоспарлы және теңгерімді түрде енгізілуі;
- қосымша білім беру жүйесінің және әркілі сабақтан тыс қызметтің дамуы, олардың тәрбие берудегі қызметінің күшеюі;
- білім беру мекемелерінде бос уақытты өткізудің маңыздылығының күшеюі, техникалық және көркемөнер үйірмелеріне қатысуы, қолы бос кезде спортпен шұғылдануы, сабақтан тыс және қосымша білім беру жүйесінде балалардың қабілеттерінің ашылуы;
- педагогикалық серіктестіктің дамуына жағдай жасау;

Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуі мен қиындықтарды игеруіне, олардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, оларды физикалық, эстетикалық және еңбек етуге тәрбиелеу басты назарға алынады. Әсіресе, балалардың құқығын қайта қалпына келтіру жұмыстары, оларды жанұялық және қоғамдық өмірге дайындау жұмыстары маңызды орын алуы тиіс.

Инклюзивті білім беру жүйесі тәрбие қызметін одан әрі дамытуды бағамдайды:

- Мүмкіншілігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда тең дәрежелі қолжетімділік жағдай жасау (мектептерде педагог-дефектологтар, арнайы жеке техникалық және қалпына келтіру құралдарының бар болуы);
- мүмкіншілігі шектеулі балаларды оқытуда интегралды ережелер мен модульдік бағдарламаларды енгізу;
- түрлі ауытқушылықтағы балалар үшін интеграция түрлерін анықтау;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беру ережелерін ұйымдастыру;
- мүгедек балалардың, үйден оқытылатын балалардың жеке мүмкіншіліктері мен қажеттіліктерін есепке ала отырып, оларды компьютерлік техникамен және компьютерлік құрылғылармен қамтамасыз ету.

Санитарлық типтегі сауықтыру және балаларға арналған білім беру мекемелерінде, психологиялық-педагогикалық және дәрігерлік-әлеуметтік көмекке зәру, дамуында ауытқушылығы бар білім алушылар мен тәрбиеленушілерге тәрбие беру жүйесінің ерекшелігін арнайы (коррекциялық) білім беру мекемелері бағдарлайды;

- кешенді динамикалық түзетушілік-дамытушылық өлшемді қалыптастыру;
- баланың ақыл – ой (интеллектуальдық) және физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, бағдарламаны өңдеу және жүзеге асыру;
- психологтардың және дәрігерлердің ұсыныстары мен кеңестері;
- бұл процеске отбасыны мақсатты бағыттап кірістіру.

5.3. Балаларға қосымша білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің дамуы

Білім алушылардың қосымша білім беру бағдарламасын еркін таңдауға және игеруге бағытталған қосымша білім беру жүйесінің міндеттерін шешудің елеулі мүмкіндіктері қарастырылады.

Жалпы және қосымша білім беруде ықпалдастыру, біріктіру стратегиясының негізі – білім жүйесінде шынайы вариативтілікті бекіту. Қосымша білім берудің мақсаты – баланың оқу әрекетін, танымын, шығармашылығын дамыту, өзін - өзі жеке және кәсіби жағынан анықтауға үлес қосу, жәрдемдесу, оларды үздіксіз дамудағы қоғам өміріне бейімдеу, салауатты өмір салтын ұстануға ықпал ету.

Қосымша білім беру балалардың білім алу қажеттілігі мен жиі өзгеріп отыратын жеке мәдени әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыратын білім беру мекемелерімен ұйымдастырылады, олардың өзін - өзі жүзеге асырудағы шығармашылығына жағдай жасайды.

Қосымша білім беру өзінің ерекшелігіне сәйкес бос уақытта ұйымдастырылатын білім беру қызметінің түрлі формаларын үйлестіре отырып, ауытқымалы мінез – құлықтың кеңістігін қысқартады, балаларды жұмыспен қамту мәселесін шешеді. Балалық шақ кезеңінің белсенділігі мен танып – білуге деген құлшынысын ескере отырып, балалардың шығармашылық дамуына қолдау жасау қосымша білім берудің басымды міндеттерінің бірі болып табылады. Қосымша білім беру Қазақстанда тұратын халықтардың мәдениеті мен шынайы мәдениеттің өзара іс – қимылын қалыптастырады. Қосымша білім берудің бұл қасиеті аймақтық компоненттің мемлекеттік білім стандартында маңызды орын алуын қамтамасыз етеді.

Көп кәсібилік пен түрлі жас деңгейі арасындағы өзара іс – әрекет қосымша білім берудің шын мән- маңызын сипаттайды. Қосымша білім беру институты жалпы білім беру мекемелерінің пәндік және шығармашылық аймақты қамтитын ұйымдар мен мекемелердің өзара іс-әрекетін бағдарлайды, аймақтағы білім беру саясатының субъектісі мен шын мәніндегі ашық жүйесі болып табылады.

Әрі қарай қосымша білім беруде тәрбие құрылымының жүйесінің дамуы мынадай таңдаулы міндеттерді шешумен анықталады:

- балалардың, ата –аналардың қызығушылығы мен сұраныстарына жауап беретін әлеуметтік қажеттілікке сәйкес балаларға қосымша білім беру мекемелерін сақтау және көбейту;
- негізделген басқарушылық шешімдерді қабылдау қосымша білім беру аумағының тұрақты дамуын және теңдестірілуін қамтамасыз етеді;
- балаларға қосымша білім беруде материалдық – техникалық базаны нығайту және мамандарды дайындау;
- бағдарламалық – әдістемеліктің мазмұнын жаңарту;
- түрлі білім беру мекемелерінде балаларға қосымша білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін арттыру және дайындау жүйесін құру;
- балаларға қосымша білім беру мекемелерінде алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені тарату;
- әр баланың жеке тұлға болып қалыптасу маңыздылығын және қосымша білім берудің ғылыми негізделген көрсеткіштерінің тиімділігін қарастырады;
- қосымша білім беру субъектілерінің санын көбейтіп, олардың жауапкершілік дербестігін, өкілеттілігін анықтап, қажетті жеңілдіктерді ұсынады.

5.4. Техникалық және кәсіби білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің дамуы

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушыларының мәртебесі, сипаты бойынша ерекшеленетін оқу жүйелері, білім берудің түрлері, институционализация деңгейі бойынша оқу талаптарын айқындайтын бақылау түрлері, экономикалық қамтамасыз ету және қызметін жүйелейтін білім беру мекемелері жұмыс жасайды және дамиды.

Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің жүйесі қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік еңбектің белгілі бір түріне дайындайды және бұл мекемелердегі оқыту білім алушылардың шеберлігіне, кәсіби дайындығына қарай аттестациялау, біліктілік дәрежесін тағайындауды жүзеге асырумен аяқталады. Бастауыш, орта техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде қоғамдық өндірісті тек қана білікті кадрлармен қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен қатар сол маманның білім жүйесінде әрі қарай дамуына жағдай жасайды.

Қазіргі барлық кәсіби білім беру жүйесінің деңгейі зерттелген мәселелерінің аздығымен сипатталады. Олардың бірі – тәрбие мәселесі, оның сапалылығы мен мақсатты түрде дамуы. Кәсіптік білім беру мекемесінде тәрбие жүйесіне кері әсер етуші жағдайлар мен қоғам дамуындағы саяси және экономикалық жағдаяттарда жастардың әлеуметтік стихияға басымдылығы, мекемелер мен ұйымдардың білікті мамандарды дайындауда жұмыспен қамтушылардың қызығушылығының болмауы, білім беру мекемелерінің ішінде қарама – қайшылықтардың, әлеуметтік шиеленістердің болуы.

Оқу үрдісінің дұрыс ұйымдастырылмауы, оқу бағдарламасының сәйкессіздігі, олардың пәндік – тәртіптік бөлінуі, уақыт талабына сай оқыту тәсілдері, басшылық және қарым – қатынастың субъективтік стилі, үстемдік басымдылығы, жастардың қызығушылығының ескерілмеуі, олардың оқу әрекетін ұйымдастыру түрлерін таңдау құқығы, мекемені басқаруға қатысымы келіспеушілік пен қарама – қайшылықтың негізгі көздері болып табылады.

Сонымен қатар қазіргі жастардың бойында әлеуметтік мәдени үрдістер мен өзінің жеке тұлғасын өзі анықтау қызығушылығының өсуі, олардың техникалық және кәсіби білім алуға ұмтылысы кәсіби білімнің тар аясынан шығумен сипатталады. Білім алушылардың жеке тұлғасының дамуына қолайлы жағдайлар жасау керек, өз тағдырын өзі шешуге, өз бетімен білім алуды үйретуге, әлеуметтік тәжірибені кең көлемде игере білуге, өзін – өзі тәрбиелеуде көмек көрсету керек.

Жоғарыдағы мәселелерді жүзеге асырудағы негізгі бағыттар:

- техникалық және кәсіптік білім беру мекемесінде білім алушылар мен оқытушылардың арасындағы ынтымақтастық қарым – қатынасты бекіту;
- өзін – өзі басқаруды, жастардың өздері ұйымдастырған ұжымдық институттарын дамыту (білім алушылардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері);
- қосымша білім берудің мүмкіндіктерін, еңбек нарығындағы шынайы талаптар мен сапалы мамандар дайындаудағы алшақтықты жеңу үшін қоғамдық мамандықтар факультетінің мүмкіндіктерін пайдалану, болашақ маманның кәсіби мүмкіншілігін жүзеге асыру үшін нарық сұранысы мен жеке тұлғаның арасындағы қажеттіліктері, оның кәсіби қызметінің әлеуметтік салдары мен өзінің мансабын көтерудегі жауапкершілігінің артуы;
- аймақтық, ғылыми – техникалық өндіріс орталығы, ақпараттық орталықтардың жандануы, екінші рет жұмыспен қамту ;
- бос уақытын тиімді өткізуде жастардың өмірінде елеулі орын алатын клубтық іс- әрекеттер мен жастардың субмәдениетінің қалыптасуы;
- кәсіптік білім беру мекемелеріндегі жастардың әлеуметтік – психологиялық қызмет жүйесіндегі жұмыстарын жетілдіру және дамыту;
- әлеуметтік, мәдени, аймақтың тарихи салт – дәстүрлерінің мүмкіндіктері, ғылыми – кәсіби әлеует нәтижесін пайдалану, кәсіби білім беру мекемесі мен қоғамдық ұйымдарда білім алушыларды тәрбиелеуді ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу және тарату.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде жеке тұлғаның негізгі мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелеу үрдісі төмендегі мәселелерді көтереді:

- оның әлеуметтік және өмірлік тәжірибесін, негіздеу саласын, әлеуметтік-коммуникациялық дағдысы мен іскерлігін әрі қарай дамыту;
- өзінің әлеуметтік қызметінде шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруда бірізділік пен жауапкершілікті жүзеге асыру;
- кәсіби өсуге қолдау көрсету;
- өзін-өзі азаматтық билеуі;
- әлеуметтік өмір салтын саналы түрде қалыптастыру.

Жоғарыда көрсетілген мақсатты жүзеге асыру бағдарлайды:

- әртүрлі типтегі кәсіби білім беру мекемелерінде құқықтық, әдістемелік, ұйымдастырушылық-экономикалық тәрбие негіздерін белсендіру;
- әртүрлі типтегі кәсіби білім беру мекемелерінің дәлме – дәл қызметін, тәрбие түрі мен әдістерін, мазмұнын өңдеу, сонымен қатар өздері дайындап жатқан мамандар үлгісі;
- кәсіби мүмкіншіліктер мен жеке тұлғалық қызығушылықтардың үйлесімділігі;
- әртүрлі салада білім алушы жеке тұлғалардың өзін-өзі жүзеге асыруына қажетті жағдай жасау (клубтық қызметі, екінші жұмыс жасау, спорт, туризм, педагогикалық икемділікті жүзеге асыру және т.б.).

Техникалық және кәсіптік білім беру мекемесіндегі тәрбие беру қызметінің маңызды бағытына тәрбие жұмысын ұйымдастырушылардың мамандарды кәсіби даярлау және қайта даярлауда көпдеңгейлі жүйені құруы жатады, оған оның мазмұны мен ақпараттық- әдістемелік қамтамасыз етуі қосылады.

6. Бағдарламаның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету

Бағдарлама құқықтық - нормативтік, кадрлық, ғылыми және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуде нақты шаралар арқылы іске асырылады. Сонымен қатар бағдарламаны жүзеге асыруда басқару тетігі және қызметті үйлестіру, оның орындалуы қарастырылған (іс шаралар жоспарынан 5.1-5.5. тармақшасы келтірілмейді).

6.1. Нормативтік - құқықтық базаның дамуы

Қазақстан Республикасының Заңнамасы еліміздегі жастар мен балалардың тәрбие саласында дамуының құқықтық кеңістігін анықтау керек (стратегияны анықтаудағы мемлекеттің юрисдикциясы, тәрбие беру жүйесі және принциптері; тәрбие беру кеңістігінің шегі және оның субъектісі; отбасылық және қоғамдық тәрбие беру теңгерімі; діни және зайырлы тәрбиенің қарым-қатынасы; тәрбие беру процесін сараптау және бақылау; өскелең ұрпақ тәрбиесінің бағдарламасын жүзеге асыру және өңделген өкілеттіліктің шектелуі және т.б.). Жастар және балаларды азаматтық тәрбиелеу бағытын заң жүзінде анықтау маңызы, оларды болашағына залал тигізетін ақпараттар ағымынан қорғау.

Осыған байланысты жастар және балалар тәрбиесіндегі жаңа құқықтық тұжырымды мақсатқа сай қалыптастыру қажет. Осы тұжырым негізінде Қазақстандағы өскелең ұрпақ тәрбиесін заңдылық негізінде жасау қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының ережесіне сәйкес түрлі білім беру мекемелеріндегі тәрбие әрекеттерінің артықшылықтарын көрсету керек, осы аймақтағы құқықтық білімнің кең көлемде таралуын қамтамасыз ету қажет.

6.2. Ғылыми қамсыздандырылуы

Бағдарламаны қамтамасыз ету және зерттеу кешені Қазақстан жастары мен балаларын тәрбиелеуде жүйелі талдауды қарастырады, Қазақстанның ғылым және білім министрлігі қызметінің концепциясын құру, түрлі жүзеге асырылу деңгейіндегі тәрбие үрдістерінің жаңа заманғы кешенді технологиясы мен механизмін жасау, еліміздегі тәрбие жүйесінің даму мониторингісі, талапқа сәйкес ақпараттық жүйенің құрылуы. Білім алушылар аймағындағы стратегияның қалыптасуына бағытталған, іргелі зерттеулер мен қолданбалы өңдеулердің жүзеге асырылуы қарастырылады. Білім алушылардың тәрбие практикасының шынайы түрде жүйелі талдануы білім беру жүйесіндегі тәрбиенің дамуын қамтамасыз ететін зерттеу жұмыстарына бағытталады, оның аймақтық ерекшеліктері, жаңа заманғы тәрбие әрекеттерінің теориялық-әдістемелік негіздерін нығайтуы, әдістемелік қорын жетілдіру, Қазақстандағы Білім және ғылым Министрлігі аясында өткізілетін зерттеулер сабақтастығы қамтамасыз етіледі.

Бағдарламаны жүзеге асыруды ғылыми қамтамасыз ету Қазақстандағы Білім және ғылым Министрлігінің ұйымдары және мекемелерімен жүзеге асырылады.

- қазақстанда тәрбие беру мәселесінің жағдайын талдау, білім беру жүйесіндегі тәрбие қызметтерінің мониторингін қалыптастыру;
- білім беру мекемелерінде тәрбие қызметтерінің дамуының концептуалды негізделуі;
- тұтас тәрбие беру кеңістігі жағдайында әлеуметтік - педагогикалық экспертиза мен жеке тұлға дамуының әдістемелік негіздерін анықтау;
- жеке тұлғаның дамуына қолдау көрсету мен тәрбиелеуде жаңа заманғы педагогикалық технологияларды жасау, өзін-өзі тағайындау үрдісінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық жағынан қолдауда диагностикалық және корреляциялық кешенді қалыптастыру;
- «білім беру жүйесінде балаларды тәрбиелеу мен дамыту» жүйесінде компьютерлік ақпараттық – талдау моделін құру;
- білім беру мекемелеріндегі инновациялық тәрбие практикасын қолдау.

6.3. Бағдарламалық - әдістемелік және ақпараттық қамсыздандырылуы

Білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысы қызметінің сапасын арттыру және оның дамуына тәрбиені дамытудың нақты бағдарламаларын құру, оны ақпараттық - әдістемелік қамтамасыз ету қажет:

- барлық деңгейдегі кәсіби білім беру мекемелерінде тәрбие жүйесін оқу-әдістемелікпен қатар алып жүру, жалпы білім беретін мектептердегі тәрбиенің жеке бағыттары, балалардың қоғамдық ұйымдарын құру;

- жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық дамуына қолдау көрсетіп, бағдарламалық - әдістемелік кешеннің жиынтығын құру;
- білім беру мекемелеріндегі тәрбие қызметін ұйымдастырушылар мен басшыларының біліктілігін көтеру үшін бағдарламаларды құру мәселелерін шешу;
- жеке тұлғаны тәрбиелеу бағдарламасының мазмұнын сараптау мен талап қоюға дайындау, білім беру мекемелеріндегі тәрбие проектісінің модельдері мен оқулықтардың әлеуетін дайындау;
- балалар мен жастарға қосымша білім беру және тәрбие мәселелеріне арналған ақпараттық - әдістемелік әдебиеттер мен бағдарламалардың баспадан жиі шығарылуы;
- барлық деңгейдегі білім беру жүйесінде тәрбие берудегі өзекті мәселелерді талқылауда конференция, семинарлардың жиі өткізілуі;
- инновациялық бағдарламалар негізінде жасөспірімдерді түрлі бағытта тәрбиелеуде ақпараттық - талдау банкі құру, тәрбие беру бағдарламасының нақты тәжірибелерін жүзеге асыру үлгілері, білім беру мекемесінің отбасымен және жастар қозғалысымен қарым – қатынасы, әлеуметтік зерттеулер нәтижелері;
- жалпы адами құндылықтардың басымдылығы, тәрбиенің адамгершілік негіздерін бекітуде жаппай ақпарат құралдарымен серіктестікті кеңейту.

Іс – шараны орындаушылар байқау негізінде анықталады.

6.4. Басшылық және педагогикалық кадрлармен жұмыс

Бағдарламаны жүзеге асырудағы атқарылатын жұмыстардың негізі – балалар мен жастарды тәрбиелеудегі жаңа заманғы тәрбие міндеттерін шешу мәселесі және білім беру жүйесіндегі мамандардың дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.

Тәрбие қызметін ұйымдастыруда басшылық және педагогикалық кадрларды дайындау елеулі өзгерістерді қажет етеді. Педагогикалық білім беру мекемелеріндегі психологиялық – педагогикалық білім беру сапасын жетілдіру, түрлі білім беру мекемелерінде сабақтан тыс қызметтерді ұйымдастырушылар мен мамандарды жаңа заманғы әдістемелік бағдарламамен қамтамасыз ету, олардың дайындық жүйесін жетілдіру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жұмыстарын жандандыру қажет.

6.5. Ведомствалық және қоғамдық мекемелермен өзара қарым – қатынас

Бағдарламаны орындау шарттарының бірі – балалар мен жастарды тәрбиелеу мәселесінде қоғамдық ұйымдар мен ведомствалардың арасындағы қарым – қатынасты қамтамасыз ету, білім беру мекемелеріндегі тәрбие практикасының тиімділігін көтеру.

Қарым – қатынасты нығайту міндеттерін шешуде келесідей жағдайлар ықпал етеді:

- Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі жанындағы қоғамдық ұйымдар мен ведомства өкілдерінің ғылыми – әдістемелік кеңеске өзекті мәселелерді талдауға, жеке тұлғаны тәрбиелеуде психологиялық қолдау көрсетуге қатысуы;
- балалар мен жастарды тәрбиелеу мәселесінде ұзақ уақытты ведомствоаралық бағдарламаларды жасау;
- балалар мен жастарды тәрбиелеу мәселесінде мемлекеттік емес ұйымдардың және білім басқармасы мекемесінің қызметін үйлестіру;
- тәрбие беру аймағында мемлекеттік емес ұйымдардың, жастардың қоғамдық бірлестіктерінің ынтасын қолдау;
- тәрбиенің түрлі бағыттары бойынша тәжірибені тарату және бірлескен конференция мен семинарларды өткізу;
- мемлекеттік жүйенің қалыптасу құралы ретінде жас азаматтарды тәрбиелеуде ведомства аралық, қоғамдық – мемлекеттік комиссияларды құру;
- балалар мен жасөспірімді тәрбиелеуде аймақтық волонтерлық орталықтарды құру.

7. Тәрбие сапасын бағалау критерийлері.

Тәрбие сапасы осы аймақтағы мақсат пен шынайы алынған нәтижелердің қарым – қатынасынан, қоғам мен жеке тұлғаның даму болашағын және арнайы сұранысқа сәйкестігінен көрінеді.

Тәрбие сапасын бағалау келесі принциптердің ерекшеліктерімен көзге түседі: тәрбие нәтижесінің айрықша мінездемесі; тәрбиенің аяқталмауы, тәрбие нәтижесінде шұғыл мінездеменің пайда болуы; қоғамдық ортаға сай тәрбиенің адамгершілікке бағытталуы, үздіксіз дамудағы нәтижелерін қарастыру.

Жасөспірім қазақстандықтарды тәрбиелеудегі сапа бағаларының критерийлері жеке тұлғаның өсу динамикасына байланысты:

- негізгі әлеуметтік шамалардың үздіксіз дамуын игеру;
- жағымды қарым – қатынастардың үздіксіз дамуының қоғамдық құндылықтарға қатысы (Адам, Отбасы, Отан, Жер, Бейбітшілік, Білім, Еңбек, Мәдениет);
- өзіндік әлеуметтік маңызды әрекеттер тәжірибесінің ұдайы жинақталуы.

Педагогикалық тәрбие беру жүйесін ұйымдастырудағы сапаны бағалау критерийлері:

- балалардың оқу қызметіндегі тәрбие әлеуетін педагогтардың жүзеге асыруы;
- балалардың оқудан тыс тәрбие әлеуетін педагогтардың жүзеге асыруы; оқушылардың өзін – өзі басқарудағы дамуы;
- білім беру ұйымдарындағы алғашқы балабақша ұжымының жетілуі.

Білім беру ұйымдарында тәрбие сапасын бағалау критерийлері мыналар:

- білім беру ұйымдарындағы тәрбие үрдісін жүйелейтін нормативті – әдістемелік құжаттардың құрылуы;
- тәрбие беруді қажетті педагогикалық мамандармен қамтамасыз ету;
- білім беру мекемелері тәрбие беру жүйесін ұйымдастырушылар мен педагогтарды мадақтау және марапаттау;
- тәрбие үрдісін қажетті материалды – техникалық ресурстармен қамтамасыз ету;
- білім беру мекемесіндегі тәрбиеленушілердің эстетикалық ортада дамуы.

Жоғарыда аталған критерийлер тәрбие үрдісіндегі сапа көрсеткіштерінің қатарын анықтау базасы, сонымен қатар тәрбие субъектісінің сапалық бағасының тәртібін құру болып табылады. Тәрбие сапасын бағалау критерийлері тәрбие беруді басқарудың негізгі қызметтерінің тиімді жүзеге асырылуына бағытталады: тәрбие беруді жоспарлау, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, педагог – тәрбиешілердің қызметін бақылау және негіздеу.

8. Бағдарламаны жүзеге асыруда күтілетін нәтижелер

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі 2013-2020 жылдарға арналған тәрбиені дамыту бағдарламасының жүзеге асырылуы қоғамдық келісім негізінде түрлі білім беру мекемелерінде тәрбиенің беделін арттыруды қамтамасыз етеді.

- 1) Қазақстанның білім беру жүйесіндегі өзара байланысты екі құрамдас бөліктердің, яғни оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі, білім беру үрдісінде тәрбие басымдылығына жағдай жасау;
- 2) Тәрбиелеудің нормативтік – құқықтық және бағдарламалық - әдістемелік базасын жетілдіру
